

Түлкібас ауданы әкімдігінің 2025 жылға арналған мемлекеттік емес секторда арнаулы әлеуметтік қызметтердің тарифтерін бекіту туралы

Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қыркүйектегі № 216 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 142-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығымен бекітілген "Арнаулы әлеуметтік қызметтердің тарифтерін қалыптастыру ережелері мен әдістемесіне" сәйкес, Түлкібас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2025 жылға арналған мемлекеттік емес секторда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тарифтері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Түлкібас ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Түлкібас ауданы әкімінің "Түлкібас ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"-не жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

А. Естибаев

Түлкібас ауданы әкімдігінің

2025 жылғы "___" _____

№ ___ қаулысына қосымша

Түлкібас ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мемлекеттік емес секторда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетушілерге арналған тарифтері

Көрсетілетін қызметті беруші шарттарда қызмет көрсетеді:

1. Үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

2. Балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бойынша іс-шараларды өткізу;

3. Он сегіз жастан асқан тұлғаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру.

№	Атауы	Қызмет алушыға көрсетілетін 1 қызметтің ай сайынғы тарифі (теңге)
1.	Психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балаларға үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету (1,5 жастан 18 жасқа дейін)	63 607,06₸
2.	Тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету (1,5 жастан 18 жасқа дейін)	63 607,06₸
3.	Он сегіз жастан асқан психоневрологиялық аурулары бар мүгедек адамдарға үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	63 607,06₸